

Бекітемін:  
МКҚК №7 “Таңшолпан” бөбекжай – бақшасы»  
Меңгеруші м.у.а

А.Ж. Минеева -----

# 1 жылдық есеп

Тәрбиеші: Мұханбедярова Н.Е

2024-2025 оқу жылы

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру арқылы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы ортасын құру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриатизмге баулу;
- - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, сөйлеуді дамыту арқылы эмоция дағдыларын қалыптастыра тең бастапқы мүмкіндіктер беру:
- 2024 жылы қыркүйек айында «Балапан» кіші тобы болып ашылды.
- Тәрбиешілер: Мұханбедярова Нұрайым Естайқызы.  
Мұхтар Жаннұр Талгатовна

- Топ: «Балапан» кіші тобы
- 2024 оқу жылында 21 бала қабылданды, оның ішінде 17 ұл 4 қыз
- Жас ерекшелігі- 2 жас.
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен және үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жасақталған топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары, күн тәртібі, сабақ кестесі, ата-аналар жоспары бар. Биылғы оқу бағдарламасының өзгеруіне байланысты іс-әрекеттің бәрі ойын түрінде өткізілді. Таңертең баланы қабылдап, ыстығын өлшеп көңіл күйін тексеріп аламыз. Таңертең балалармен топтық жұмыс, жеке балалмен жұмыстар жүргізіледі, бұдан соң ертеңгілік жаттығулар жасалып 9:00-де балалар таңғы асқа отырады. 1-оқу қызметі 9.20 басталып 10.00-деекі оқу қызметі аяқталады. Оқу қызметінен соң балалар

серуенге шығып ,балалармен бақылау жұмыстар,әр –түрлі қимылды ойындар ойналады.балалар серуеннен 11.30оралып,түскі асқа дайындық жүргізіледі.Түскі ас 11.45-те беріледі.Бесін ұйқы 13.00-15.30дейін созылады.Ұйқыдан тұрған соң сауықтыру, шынықтыру шаралары жүргізіледі.Бесін ас 15.30-16.00 аралығында беріледі.Бұдан соң табиғат аясында еңбектер түрлі дидактикалық сюжеттік ойындар тақпақтар жоспарланған жоспар бойынша жүргізіледі.

- Қыркүйек айында «Табиғат әлемі»атты ойын-сауық ,экскурсия өткізілді.
- Халықаралық аналар мерекесіне орай тобымызда балалар аналар мен әжелерімізге ,әпкелер мен қарындастарына арнап «Ана –біздің күніміз»аттымерекелік іс-шара ұйымдастырылды.Балапандар аналар мен әжелеріне арнап би билеп өз онерлерін көрсетті.Топта бірлесе жасаған сыйлықтарын аналарына тарту етті.

Мерекелік іс-шаралардан бөлек дәстүрден тыс әртүрлі ойындар ойнады.

**22** –наурыз «Қош келдің Әз Наурыз атты ертеңгілік »мерекесіне арналған іс-шаралар өткізілді.Ертеңгілікке балалар сай етіп киінініп келді. Залдың іші қазақ киіз үйінің шаңырмғы қойылып безендірілді. Ертеңгілік әнмен басталды. Балалар наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтты. Біздің Балдәурен тобында берілген салт дәстүр .Ұлттық ойындар. Балалар ұлттық ойындардың бірнеше түрлерін қызығушылықпен ойнады. Соның ішіндегі ойындар Арқан тартыс. Қол күрес. Соқыр теке ойындары.




жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Халықтың салт-дәстүрлерін түсіндіріп баулу. Мерекені сезіндіру. Сәуір айында Ғарышкерлер күніне орай **«Ғарыш ғажайыптары»** атты республикалық байқауға балабақша бүлдіршіні Жалғасбай Раяна мен тәрбиеші Мұханбедярова Нұрайым Естайқызы қатысты. Және де балабақша ішінде топтар арасында ұйымдастырылған іс – әрекеттер өткізілді.

1-Мамыр бірлік күніне арналған топтар арасында «Бір шаңырақ астында» атты мерекелік іс-шарлар өткізілді.




Жеңіс күніне сәйкес «9-Мамыр Жеңіс күні!»салтанатты жиын өтті.Бабалардың ерлігі жайлы айтылды.Бейбіт күні кімнің арқасында келгені балаларға ұқтырылды.Балалар би билеп өз тақпақтарын айтты.Ертеңгілігіміз жақсы деңгейде өтті.Балалар тақпақ өлеңдерін айтып, би биледі.Қонаққа ұлы отан соғысының ардагері келіп балаларға ризашылығын білдіріп тілегін айтты.Өткізген тәрбиешілеріне жақсы деп бағалады.




«Балапан»кіші тобында ертеңгіліктерден бөлек балалардың туылған күні белсенді түрде тойланып келеді. Балалардың туылған күн туралы мағұлмат беріп жақсы көңіл күй сыйланды.Әуенді би қимылдары мен билері




Отбасында бала тәрбиесі ерекше орын алады.Ата –аналармен сұхбаттар,кеңес беру ,әңгімелесу,іс-шараларға қатыстыру сияқты көптеген жұмыстар атқарылды.Балалар өздеріне қызмет жасауды біледі.Өз бетінше әрекет ету,тапсырмаларды орындау жұмыстарын жүргізе алады.Топтағы санитарлық гигиеналық жағдай қанағаттанарлықтай.Жиһаздар балалардың бойына сәйкес орналасқан.Оқу бұрышы жақсы жарықтанған,терезелерден жарық жақсы түсіп тұр.Жұынатын бөлмеде қажетті заттар мен жабдықталған,Сүлгілер саны балалр санына сәйкес.Келесі оқу жылына дидиктикалық материалдарды толықттыру,жаңарту.Жоба технологиясын толық зерттеу жоспарлануда.



Galaxy A06



Galaxy A06



Galaxy A06





Бекітемін:  
МКҚК «№7 Таңшолпан бөбекжай – бақшасы»

Менгерушісі: А.Ж. Минеева

А.Ж. Минеева



1 маусым - Балаларды қорғау күні

Тәрбиеші: Мұханбедярова Н.Е

Мұхтар Ж.Т

2024-2025 оқу жылы

## 1 маусым-Балаларды қорғау күні!

**Мақсаты:** балалардың жеке қасиеттерін дамыту, таппак, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір - бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

**Жүргізуші:** Армысындар балалар, бармысындар,  
Жаз да келді, жайнаған гүлді шындар  
Алдыменен алайық амандасып,  
Армысындар бәрің де, армысындар!

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, мерекеге жиналған қонақтар,  
ата - аналар, балалар!

Баршамызды бала тілмен баурайтын,  
Бала деген бір бақыт қой самғайтын  
Ата - ананың арманы мен тілегін,  
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын  
Сүйкімді періштелер сендерсін  
Қандай бейне өздеріңе тең келсін!  
Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,  
Ең алдымен балалықты меңгерсін.

1 - Маусым 1950 жылдан бастап Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз. Аталған мерекемен бізді құттықтай келген қонақтарымызбен таныстырып өтейін

Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі **А.Ж. Жетпісбаевнаға** береміз.

Ән: «Тәрбиеші апай» Сәбитхан Айым

Сайқымазақтардың келуі

Бұл не мереке? Нені тойлап жатырсындар? Бізге неге айтпадыңдар, а? Бізсіз ешқандай мереке болмайды?

**Жүргізуші:** Токта, токта, сендер кімсіңдер өзі біздің мерекені бұзатын? Бүгін үлкен мереке, біз оны тойлаймыз, ешкім кедергі бола алмайды! Бізбен бірге тойлаймыз десендер, онда тәртіп сақта!

Балалар, сайқымазақты қалдырамыз ба? Қалдырамыз.

**Жүргізуші:** Ақылды балапан бүгінгі,

Көркейтер күніңді ертеңгі,

Үйренген өнерін көрсетсін

Бүлдіршін балалар белсенді.

Ендігі кезекті орталықтың бүлдіршіндеріне берейік.

Жүргізуші: Иә, рас, бала болған бәрі де,  
Салған олар балалықтың әнін де.

Бала кезін еске алып отырсақ,

Сол емес пе тіршіліктің мәні де! - дей келе құрметті ата – аналар балалық шағымызды еске  
ала отырып, сайқымазақтардың бізге ала келген ойынын ойнайық.

**Ойын: «Кім жылдам»**

Жүргізуші: Көк жиектен күлімдеп,

Маусымның таңы атты

Тұра қойшы күнім – деп,

Анаң сені оятты –

Даналардың тілегі,

Балалардың тілегі

Ауырмасын ешқашан

Аналардың жүрегі

**Ән: Жалғас Әдемі «Балабақша арайлым»**

Сайқымазақ: Жарайсыңдар балалар сендер өте жақсы өнер көрсеттіңдер, менің сендерге  
әкелген сыйлығым бар, міне қабыл алыңдар. Осы ойыншықтармен шағын орталықта тату-  
тәтті бірге ойнасын деп, сендерге алып келдім!

Жүргізуші: Рахмет саған сайқымазақ! Осымен «1 маусым-Балаларды қорғау күні!» атты  
мерекелік іс - шарамыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп рахмет

МКҚК «№7 “Таңшолпан” бөбекжай - балабақшасы»

Бекітемін: \_\_\_\_

МКҚК №7 «Таңшолпан»

Бөбекжай-бақшасының

Меігеруші м.у.а

Минеева А.Ж.———

**Тақырыбы: «Ана – Біздің күніміз »**

**Тәрбиеші: Мұханбедярова Н.Е**

2024-2025

**Максаты:** Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ананы құрметтеу, сылай білуге, балалардың бойындағы жеке қабілеттермен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Армысыздар құрметті қонақтар, аяулы әжелер, асыл аналар және біздің кішкене ханшайымдарымыз! Бүгін бізде үлкен мереке!

Армысын әжелерім, аналарым

Мейірбан аппақ көңіл даналарым

Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен

Құттықтайды Сіздерді балаларын

**Тәрбиеші:** Әлемдегі ең жақсы, ең мейірімді, ең жүрегі жұмсақ адам кім екен?

**Балалар:** Ана!

**Тәрбиеші:**

Балалар, айтындаршы.

Бізді жақсы көретін,

Бар жақсыны беретін.

Баласы үшін әрдайым,

Мейірімін төгетін

Ол кім?

**Балалар:** Ана!

**Тәрбиеші:**

Жүрегіме жыр шашып,

Нұр төгетін Сіз екен.

Құтты болсын анашым,

Құтты болсын мерекең!

**Тәрбиеші:** Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен? (Әуенмен залға қуыршақ кіреді)

**Қуыршақ:**

Сәлем бердім нәзік, сұлу қыздарға,

Сәлем бердім ержүрек бар ұлдарға.

Кездесуге асықтым мен сіздермен,

Билесін би, айтылсын ән бұл залда.

Қуыршақпын сондай сұлу, әдемі.

Мерекемен құттықтағым келеді.

Ақ әжелер, аяулы бар аналар,

Мерекеміз құтты болсын балалар!

**Тәрбиеші:** Сәлеметсің бе, әдемі қуыршақ! Сен біздің аналарымыз бен қыздарымызды, әжелерімізді 8 наурыз мерекесімен құттықтауға асығып жетіпсің. Көп рахмет саған!

Төрлет, ән тыңда кош келдің!

Ана деген өмірдегі ұлы есім,

Бақ тілесе анадай – ақ тілесін.

Ана деген ардақты ат, сен оны,

Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

**1.Ән: «Анашым»**

**Тақпақтар:**

**1.Раяна**

Анам – күнім, жан анам,

Сенсіз маған жоқ алаң.

**2. Алуа**

Гүл сыйлаймын анама,

Қуаныш сыйлай маған да.

**3. Сұлтан**

Анам менің ақылды,

Гүлдейді әрқашан.

Біздің балалар аналарымызға арнап дайындаған әсем билерін тарту етеді.

### **1. Би «Гүлдер»**

**Қуыршақ:** Рахмет балалар! Әрине мен де құр алақан келген жоқпын. Олай болса, жаксы бір ойын ойнайық.

**Ойын :** «Гүлді жина» эстафетасы

**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топ 5 баладан. Алдарында 5 күлтеше гүлдер жатыр. Балалар сол гүлдерді кезектесіп бір бірден алып құрастырады.

**Тақпақтар:**

#### **4. Алсу**

Гүлдей нәзік анашым,

Құтты болсын мейрамың!

#### **5. Хамзат**

Ана – біздің асыл жан,

Ән айтамын шаттанам.

#### **6. Демиян**

Анам менің бал тілім,

Сүйем сені әр күнім.

#### **7. Матвей**

Анашым менің күнім,

Қуантамын бүгін.

**2. Ән: «Менің әжем осындай».**

**Тақпақтар:**

#### **8. Сафия**

Әнім, сыйым – барлығы,

Ана, саған арналды.

#### **9. Дәулет**

Көктем келді әнімен,

Аналарды сәнімен.

#### **10. Ваня**

Анама гүл сыйлаймын,

Қуан, анам, әрдайым!

#### **11. Омар**

Жылы сөздер айтайық,

Аналарды сыйлайық!

**Қуыршақ:** Қандай өнерлі балалар, әжелеріне, мамаларына арналған тақпақтарын айтып жатыр. Тамаша!

**2. Би «Полька»** ер балалар билеп береді

**Тәрбиеші:** -Бәрекелді, жарайсындар, балалар!

**Ойын:** «Кәмпит тасу»

**Ойын шарты:**

**Тақпақтар**

#### **12. Айлин**

Қолымда гүл, жүрегімде,

Сүйіспеншілік анама.

#### **13. Ахмет**

Әдемі гүлдер, ән мен күлкі,

Анаға сыйым осы күнгі.

**4. Айлин**  
Анама арнап ән салам,  
Сенсің жарық күн маған.

**15. Айбар**  
Құшағыма гүл алып,  
Сыйлаймын оны қуанып.

**16. Айбат**  
Аналарға гүл берем,  
Жүрегімді күлімдетем.

**17. Марк**  
Ана – біздің асыл жан,  
Жүрегіміз шаттанған.

**3. Ән: «Көктемде»**

**Аналармен ойын: «Лентамен шаш өру»**

**Қуыршақ:** - Сіздермен уақыттың қалай өткенін де білмей қалдым, менің кішкентай достарым..  
Сау болыңдар, сендер сияқты кішкентай балаларға барып көктемнің келуімен құттықтайын.

Сау болыңдар балалар!


Қуыршақ кетеді.

**Балалар қыздарға сыйлықтарын береді.**

**Ұл мен қыздар аналарына сыйлықтарын таратады**

**Тәрбиеші:** Осымен бүгінгі «Аналар асыл- қазына» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі ертеңгілікте кездескенше қош сау болыңыздар.

«№7 Таңшолпан бөбекжай» - балабақшасы

Бекітемін: 

МКҚК №7 «Таңшолпан»

Бөбекжай-бақшасының

Меігерушісі у.м.а

Минеева А.Ж

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз»

Тәрбиеші: Мұханбедярова Н.Е

## «Қош келдің, әз Наурыз!»

**Мақсаты:** «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Әуен ойналып тұрады.

**1 - жүргізуші:** Армысыздар, құрметті қонақтар! Бүгін біз Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамын тойлағалы отырмыз. Наурыз — бұл тек көктемнің ғана емес, ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпе-ренештерін ұмытып, кешірімге келіп татуласып, табысқан.

Кең болсын қазағымның керегесі,  
Кетпесін Алла берген берекесі,  
Алаштың баласына нәсіп болған,  
Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!

**2 - жүргізуші:** Добрый день дорогие уважаемые гости, учителя и учащиеся! Сегодня замечательный день — праздник пробуждения новой жизни, праздник мира и весны. Наурыз — праздник весеннего равноденствия, когда, наконец-то, после долгой зимы, светлое время суток становится равным темному по своей продолжительности, а потом начинает неуклонно увеличиваться. Таким образом этот праздник олицетворяет собой начало начал, возрождение природы, торжество светлых сил добра над темными силами зла.

**1 - жүргізуші:** Олай болса, мерекелік құттықтау сөз кезегі балабақшамыздың меңгерушісі А.Ж. Минееваға беріледі.

Открыта дверь для всех гостей —  
Для пожилых и для детей.  
Весна навстречу нам идет,  
Весна на праздник всех зовет,  
Так пактар

Ахмет

Осыншама жақсылық  
Алып келген Наурызым  
Төрлет бізге нұр беріп  
Шуақ шашып ақ жүзің  
Алсу  
Жылдың басы Наурыз,  
Жырдың басы Наурыз  
Наурызға арналсын  
Бүгінгі жыр әніміз  
Сафия  
Бата беріп апамыз  
Тәтті болып жасалған  
Наурыз дәмін татыңыз

## «Гүлдер» бні

Ақтілеу

Ата-бабам тойлаған,

Наурызым армысың !

Қызығына тоймаған,

Жаңа жылым бармысың.

Хамзат

Көлдің мұзын күн тесті,

Әппак тонын жер шешті

Жан-жақтан күн күркіреп,

Жаңбыр жауды сіркіреп

**1-жүргізуші:** Уа, халайық, халайық!

Мұнда назар салайық,

Мерекесі халықтың наурыз тойын бастайық.

Құтты болсын мереке, болсын думан береке!

**«Бәйге» бні**

*Бесікке салу рәсімі. Бесік - киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен немесе елдің тәрбиелі, өнегелі әжеселерге, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап, "тыштырма" жасап алып, баланы бесікке бөлейді.*

**2-ведущий:** Из глубины историй нашей земли

К нам пришел этот праздник Наурыз.

Праздник нового дня, Праздник цветений и обновления.

Праздник Земли и человека!

С праздником Наурыз! Разрешите начать праздничную программу «Қош келдің, Наурыз!

**1 жүргізуші:** Қашанда Құт - береке орнасын деп,

Тойларда шашу шашу – салты елімнің.

Уа, халайық, теріп ал мәмпәсиді,

Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.

Шашу, шашу көп шашайық шашуды

Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.

Уа, жамағат жинап ал несібеңді,

Ризығың бола берсін көл - көсір!

**Бала:** Ассалаумағалайкум, ата! Сізден бата сұраймын...

**ҚЫДЫР АТА:** (Тілек)

Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейің

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бакты болсын,

Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

**1 - жүргізуші:** Наурызда әндер шырқайық,

Өнер жасқа лайық.

Өлендеткен жастардың,

Әсем әнін тыңдайық!

Әлдендеткен жастардың,  
Әсем әнін тыңдайық!

**2-ведущий:** Мы здесь сегодня собрались,  
Чтоб встретить праздник – Наурыз!  
Улыбки, шутки, звонкий смех,  
Пусть радуют сегодня всех!

**2-ведущий:** Желаем весеннего тепла и радости в жизни.  
Еще раз вас всех с праздником Наурыз!  
Мы отметили сегодня,  
Праздник светлый и большой,  
А теперь всех приглашаем,  
На казахский светлый той!

**1-жүргізуші:** Жиналдык Наурыз тойға бәрімізде  
Үлкен – кіші жасымыз кәріміз де  
Әрбір ұлттың жиналған өкілдері  
Өнерлерін көрсетуге келді міне  
Енді ортаны баршыңызға ашайық  
Көрермендерге жырдан шашу шашайық  
Ән мен күйді, жыр мен биді шалқытып  
Өнерменен інжу - маржан шашайық

**2-ведущий:**  
«Наурыз ты праздник дружбы и добра»  
«Наурыз ты праздник мира  
Пусть будет вечным этот день  
Пришедший и унесенный на века

**Ойын.Қой көтеру**  
**1 - жүргізуші:** Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,  
Билейік, жыр жырлайық ән салайық.  
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,  
Арқанды кенге созшы, уа халайық!

**2-ведущий:** Играй, баян, звени, домбра:  
Желаю счастья и добра,  
Здоровья и терпения,  
Отличного настроения,  
Чтобы мечты у всех сбылись —  
Здравствуй, праздник Наурыз!

**Жүргізуші1:** Наурыз - бұл ежелгі дәстүр бойынша Жаңа жылдың басталуы ғана емес, бұл сонымен бірге  
танғажайып көктем мерекесі, табиғаттың қайта түлеп, қайта жаңғыруы. Осы бір табиғат- ана көгілдір  
көктемнің жып-жылы шапағатымен жайнап тұрған сәтте сіздер де зор қуаныштарға бөленгейсіздер!  
Жандарыңыз күн нұрындай жарқырап, ал көңілдеріңіз мейірімділік пен махаббат сезімдеріне тола берсін

**2-ведущий:** Новый день, начало мира,

Сброшен тягот лишний груз,  
Лица радостью сияют,  
Люди празднуют Наурыз!  
Смех, веселье в каждом доме,  
Чистота, накрытый стол,  
Угощают, поздравляют  
С наступившею весной.  
Вам и всем — стране, народу  
Благоденствие и мир,  
Жизни долгой и свободной,

Бекітемін:  
МҚКҚ №7 «Таңшолпан бобекжой бақшасы»  
Меңгерушісі у.к.и  
А.Ж. Минеева

14 наурыз - Көрісу мейрамы,  
амал мерекесі.

Тәрбиеші: Мұханбедярова Н.Е

## Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Амал келді – Жыл келді

Мақсаты: Көрісу туралы түсінік беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету.

Көрнекілігі: киіз үй, дастархан, суреттер көрмесі.

Амал күні қазағым көріседі

Көрісу, бұл көненің желісі еді

Жасың құтты болсын деп жамырасып,

Ақ ниетпен адал бол деліседі

Көріседі көңілдер жібісін деп

Көріседі тасысын ырысын деп

Көріседі көк мұзда жібісін деп

Көріседі оң болсын ырысын деп

- Армысыздар, ұстаздар, ата – аналар, қонақтар! Бір жасыңыз құтты болсын! Бәріміздің асыға күткен Амал да мерекеміз де келіп жетті. Бүгінгі 1 сыныбының дайындаған «Амал келді, жыл келді» тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

14 наурыз - Көрісу мейрамы, амал мерекесі. Көрісу күнінде халық қыстан аман - есен шыққанына қуанып, бір - бірімен қол алысады. Бұл күні барлық өкпе - реніш ұмытылып, кешіріледі.

Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәттісін үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір – біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман - есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады.

Айдында аққудай сылаңдаған

Біреулер күйі, біреулер жыр арнаған

Шықсын енді ортаға бишілерің,

14 наурыз - Көрісу мейрамы. Көрісу күнінде халық қыстан аман - есен шыққанына қуанып, бір - бірімен қол алысады. Таң атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Үлкендер кішілерге ақ батасын береді, жақсы тілек тілеседі. Бір – біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман - есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Бұл күні бүкіл жұрт шат - шадыман, көтеріңкі көңіл күйде болады.

Уа, халайық! Бүгін үлкен мереке, үлкен той! Ата - бабаларымыздың сөзімен айтсақ, ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы! Бұл біздің халқымызда күн мен түн тенелер мезгіл. Жер жүзі көгеріп, көктеп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасарып жанаратын шақ. қорада қой қоздап, түйе боздап, бір малы екеу болып, аузы аққа тиіп, мол ырысқа кенелетін жайдарман шақ.

Бұл күні үлкен кішіге ақ баталарын беріп, ізгі тілек тілесетін кез.

(Бетін сипап, бата береді. Жұрт тегіс бетін сипап, айтқаныңыз келсін деп айтады)